



Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Алматы облысы Көксу ауданы әкімінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 04-08 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 12 сәуірде № 27539 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Көксу ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. "Көксу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді Көксу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көксу ауданының әкімі

А. Әділ